Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 12-бабының 7-бөлігіне сәйкес, Егер жұмыс берушінің шығарылған актісінде жұмыскерлердің осы Кодексте, еңбек, ұжымдық шарттарда, келісімдерде көзделген құқықтары мен кепілдіктерін бұзатын не нашарлататын ережелер қамтылған жағдайда, оған еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға не сотқа шағым жасауға болады [4].

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылған (№ АР19680399 грант).

Қорытынды

Жұмыс беруші жұмыскердің дербес деректерін жинауды, өңдеуді және қорғауды қамтамасыз етуге, сақтау тәртібін және т.б. қамтамасыз етуге міндетті болғандықтан, осы мақсаттар үшін ұйымда жұмыскерлердің дербес деректерін қорғау туралы ереже бекіту ұсынылады.

Заң дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімнің мазмұны туралы мәселені қозғамайтындықтан, біз мұндай келісімнің үлгілік нысанына мынадай деректерді міндетті түрде қосуды ұсынамыз: келісімге қол қойған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН, сондай-ақ байланыс деректері, соның ішінде телефон нөмірі, тұрғылықты мекен-жайы. Бұл келісімге қол қойған тұлғаны анықтауға мүмкіндік береді; жұмыс беруші

дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асыратын тұлғаға қатысты дербес деректердің толық тізбесі; мұндай келісім қолданылатын уақыт кезеңі.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Персональные данные в сфере трудовых отношений // [Электрондық ресурс]. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34796314&pos=3;-45#pos=3;-45.

2 «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңы (2024.11.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // [Электрондық ресурс]. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31396173#activate_doc=2.

3 Положение о защите персональных данных работников // [Электрондық ресурс]. – URL: <https://cdb.kz/sistema/page/polozhenie-o-zashchite-personalnykh-dannykh/>.

4 Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек Кодексі (2024.11.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // [Электрондық ресурс]. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34838929&show_di=1.

5 О персональных данных работника: правовое регулирование // [Электрондық ресурс]. – URL: <https://pps.kaznu.kz/kz/Main/FileShow2/13942/98/2/3/0/>.

6 Мемлекеттік құпиялар туралы 1999 ж. 15 наурыздағы № 349-I Қазақстан Республикасының Заңы (2024.05.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // [Электрондық ресурс]. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51012633.

7 Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Қазақстан Республикасының Заңы (2023.01.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // [Электрондық ресурс]. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51035484.

8 «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V Заңы (2024.11.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // [Электрондық ресурс]. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37847228.

9 «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 бұйрығы //

[Электрондық ресурс]. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37521574&show_di=1.

10 Как должны храниться персональные данные работников? // [Электрондық ресурс]. – URL: <https://dogovor24.kz/questions/kak-dolzheny-hranitsya-personalnye-dannye-rabotnikov-kompanii-4788.html>.

REFERENCES

1 Personal`ny`e dannye`v sfere trudovy`kh otnoshenij [Personal data in the field of labor relations] // [Electronic resource]. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34796314&pos=3;-45#pos=3;-45.

2 «Derbes derekter zhane olardy` korgau turaly`» Kazakstan Respublikasy`ny`n 2013 zhy`lgy` 21 mamy`rdagy` # 94-V Zany` (2024.11.02. beri`lgen ozgeri`ster men toly`kty`rularmen) [Law of the Republic of Kazakhstan dated May 21, 2013 No. 94-V] on personal data and their protection « (as amended on 02.11.2024) // [Electronic resource]. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31396173#activate_doc=2.

3 Polozhenie o zashchite personal`ny`kh danny`kh rabotnikov [Regulation on the protection of personal data of employees] // [Electronic resource]. – URL: <https://cdb.kz/sistema/page/polozhenie-o-zashchite-personalnykh-dannykh/>.

4 Qazaqstan Respy`blikasyny`n 2015 jylgy` 23 qarashadaғы № 414-V Eńbek Kodeksi (2024.11.02. berilgen ozgerister men tolyqtyrylarmen) [Labor Code of the Republic of Kazakhstan dated November 23, 2015 No. 414-V (with amendments and additions made on 02.11.2024)] // [Electronic resource] – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34838929&show_di=1.

5 O personal`ny`kh danny`kh rabotnika: pravovoe regulirovanie [About employee`s personal data: legal regulation] // [Electronic resource]. – URL: <https://pps.kaznu.kz/kz/Main/FileShow2/13942/98/2/3/0/>.

6 Memlekettik qupialar tyraly 1999 j. 15 nayryzdaғы № 349-I Qazaqstan Respy`blikasyny`n Zańy (2024.05.01. berilgen ozgerister men tolyqtyrylarmen) [Law of the Republic of Kazakhstan dated March 15, 1999 No. 349-I on state secrets (with amendments and additions made on 05.01.2024)] // [Electronic resource]. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51012633.

7 Elektronдық қујат және электрондық сифрлық қолтаңба тыралы 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Qazaqstan Respy`blikasyny`n Zańy (2023.01.05. berilgen ozgerister men tolyqtyrylarmen) [Law of the Republic of Kazakhstan dated January 7, 2003 No. 370-II on electronic document and electronic digital signature (with amendments and additions made on 05.01.2023)] // [Electronic resource]. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51035484.

8 «Aqparattandyry túraly» Qazaqstan Respýblikasynyń 2015 jylgy 24 qarashadaғы № 418-V Zańy (2024.11.02. berilgen ózgerister men tolyqtyrylarmen) [Law of the Republic of Kazakhstan dated November 24, 2015 No. 418-V] on informatization « (with amendments and additions made on 02.11.2024) // [Electronic resource]. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37847228.

9 «Memlekettik jáne memlekettik emes uymdarda qujattama jasaý, qujattamany basqary jáne elektrondyq qujat ainalymy júielerin paidalaný qaǵıdalaryn bekity túraly» Qazaqstan Respýblikasy Mádeniet jáne sport ministriniń 2023 jylgy 25 tamyzdaғы № 236 buirygy [Order of the minister of Culture and sports of the Republic of Kazakhstan dated August 25, 2023 No. 236 «on approval of the rules for creating documentation, managing documentation and using electronic document management systems in state and non-state organizations»] // [Electronic resource]. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37521574&show_di=1.

10 Kak dolzhny` khranit` sya personal`ny`e dannye`e rabotnikov? [How should personal data of employees be stored?] // [Electronic resource]. – URL: <https://dogovor24.kz/questions/kak-dolzhny-hranitsya-personalnye-dannye-rabotnikov-kompanii-4788.html>.

22.04.24 ж. баспаға түсті.

26.04.24 ж. түзетулерімен түсті.

27.05.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Ж. Ж. Талипова

Торайғыров университет, Республика Казахстан, г. Павлодар

Поступило в редакцию 22.04.24

Поступило с исправлениями 26.04.24

Принято в печать 27.05.24

ПЕРСОНАЛЬНЫЕ ДАННЫЕ В СФЕРЕ ТРУДОВЫХ ОТНОШЕНИЙ

Для современного мира повсеместно характерна цифровизация, которая, с одной стороны, создает новые цифровые возможности для людей, в том числе в сфере персональных данных, а с другой – провоцирует возникновение новых рисков. В последние годы число преступлений, совершённых с использованием персональных данных, неуклонно растёт. Вступившие в законную силу изменения в законодательстве о персональных данных и их защите,

усилившие требования к порядку обработки и ужесточившие меры ответственности за нарушения в этой сфере, актуализировали ряд практических вопросов, в том числе и для работодателей в части обработки данных своих работников. Статья посвящена вопросам защиты персональных данных в сфере трудовых отношений в эпоху глобальной цифровизации. Целью настоящей статьи является выработка рекомендаций в области защиты персональных данных работников, адаптирующих общие правила обработки к отраслевым особенностям трудовых отношений. В статье рассмотрены понятие персональных данных работника, его значение при заключении трудового договора, порядок обеспечения, хранения, условия и порядок осуществления работодателем персональных данных работника в сфере трудовых отношений. Также в целях защиты персональных данных работников в организации внесено предложение по утверждению положения о ней и внедрению требований к ней.

Ключевые слова: персональные данные, права человека, информация, трудовые отношения, работодатель и работник.

*Zh. Zh. Talipova

Toraighyrov University, Republic of Kazakhstan, Pavlodar

Received 22.04.24.

Received in revised form 26.04.24.

Accepted for publication 27.05.24.

PERSONAL DATA IN THE FIELD OF LABOR RELATIONS

Digitalization is ubiquitous in the modern world, which, on the one hand, creates new digital opportunities for people, including in the field of personal data, and on the other hand, provokes the emergence of new risks. In recent years, the number of crimes committed using personal data has been steadily increasing. The changes in the legislation on personal data and their protection that have entered into force, strengthened the requirements for processing procedures and tightened liability measures for violations in this area, have updated a number of practical issues, including for employers regarding the processing of their employees' data. The article is devoted to the issues of personal data protection in the field of labor relations in the era of global digitalization. The purpose of this article is to develop recommendations in the field of protection of personal data of employees, adapting the general rules of processing to the industry

specifics of labor relations. The article examines the concept of personal data of an employee, its significance when concluding an employment contract, the procedure for ensuring, storing, conditions and procedure for the implementation by the employer of personal data of an employee in the field of labor relations. Also, in order to protect the personal data of employees in the organization, a proposal has been made to approve the regulations on it and introduce requirements for it.

Keywords: personal data, human rights, information, employment relations, employer and employee.

FTAMP 10.83.21

<https://doi.org/10.48081/KNMY4765>***А. К. Татенова**

Қазақстан Республикасы ІІМ Қылмыстық атқару жүйесі комитеті
«№45 Мекеме» РММ бастығының кезекші көмекшісінің орынбасары
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

*e-mail: a.t_kz@mail.ru

**ҚЫЛМЫСТЫҚ АТҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ЫҚПАЛ:
ЗЕРТТЕУДІҢ АЛДАҒЫ УАҚЫТТАҒЫ ӨЗЕКТІЛІГІ**

Қазақстан Республикасы – атқарушы билік органдарының өкілеттіктері мен жауапкершілігін кеңейту негізінде қылмыстық атқару жүйесін мемлекеттік басқаруды реформалау саласында айтарлықтай тәжірибе жинақтаған санаулы елдердің бірі болып табылады.

Қылмыстық, қылмыстық-атқару және қылмыстық іс жүргізу заңнамаларындағы болып жатқан өзгерістер қазіргі заманғы құқықтық мемлекет құру жағдайында қоғамдық ықпал ету институтының құқықтық нысандарын анықтау мәселесінің өзектілігін көрсетеді. Осыған байланысты, осы институттың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін тиімді шаралар қабылдаумен байланысты мәселелер ерекше өзекті болып табылады.

Қазақстанның қылмыстық-атқару заңнамасы сотталғандарды түзетудің және оңалтуының негізгі құралдарының қатарында қоғамдық ықпал ерекше рөл атқарады. Алайда, елімізде заң шығарушы бұл институтқа нақты түсінік бермейді. Кең мағынада, қоғамдық ықпал деп қылмыстық атқару жүйесінің, жазаның белгілі бір нысандағы орындарының әсерін, бақылауын түсінуге болады. Мысалы, қамқоршылық кеңестер, азаптаудың алдын алудың ұлттық алдын алу тетігі, сондай-ақ барлық құқық қорғау органдарында құрылған Қоғамдық кеңес сияқты азаматтық қоғамның жаңа субъектісі. Қазақстандық азаматтық қоғамның одан әрі дамуына байланысты қоғамдық ықпалдың басқа да субъектілері пайда болады деп болжануда.

Көптеген реформаларға қарамастан, түрме жүйесін мемлекеттік басқару саласында көптеген проблемалар бар. Олар,

атап айтқанда, аумақтық бірліктердің (мекеменің) жауапкершілігі мен ресурстық мүмкіндіктерінің теңгерімсіздігімен, олардың жеткілікті түрде нақты бөлінбеуімен байланысты.

Кілтті сөздер: қылмыстық атқару жүйесі, қоғамдық ықпал субъектілері, сотталғандар.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасында ... [1] атап өтілгендей, «Қылмыстық-атқару жүйесіндегі қайта әлеуметтену мемлекеттегі қоғамдық тәртіпті сақтау мәселесінде бірінші кезектегі маңызға ие». Қылмыспен күрес бойынша біздің мемлекет жүзеге асырып отырған шаралар жүйесінде түзету мекемелерінің қызметін жетілдіруге маңызды орын берілген. Сондықтан Қазақстан Республикасының тәуелсіздікке қол жеткізген жылдарында түзету мекемелері жүйесінің материалдық-техникалық базасын және бас бостандығынан айыру түрінде жазаларын өтеп жатқандарды ұстаудың жағдайын жақсартуға бағытталған Үкіметтің үш бағдарламасы табысты түрде жүзеге асырылды. Сонымен қатар Қазақстанның түзету мекемелерінде осы уақытқа дейін сотталғандар, сондай-ақ, қызметкерлер жол беретін келеңсіз фактілер орын алып отыр. Атап айтқанда түзету мекемелеріне тиым салынған заттар, есірткі және психотропты құралдар түседі, сотталғандардың кейбірі жазаны өтеу режимін бұзады. Бірқатар түзету колонияларында бағынбау және денеге зақым келтіру, сонымен қатар техникалық құралдар және атыс қаруларын қолданып, топпен қашу орын алды. Мысалы, 2010 жылдың 22 маусымында сотталғандардың бір тобы атыс қарулары мен техникалық құралдар қолданып, Маңғыстау облысындағы қатаң режимдегі ГМ-172/1 колониядан қашқан [2].

Аталған құқық бұзушылық себептерінің бірі сотталғандармен тәрбие жұмысы үрдісіне жұртшылықты тарту деңгейінің жеткіліксіздігі болып табылады. Оқшауланғанда көптеген сотталушылар әлеуметтік маңыздағы байланыстарын жоғалтады (отбасынан айырылу, өндірістік, спорттық және басқа ұжымдардан қол үзу), сыртқы әлеуметтік-психологиялық әрекеттерге, криминалды «субмәдениетке» душар болады және т.б., мұның барлығы Павлодар облысының барлық түзету мекемелерінің персоналы, сондай-ақ сотталғандар арасында өткізілген жасырын сауалнама қорытындысы растайды.

Қылмыстық атқару жүйесі құқық қорғау құрылымы ретінде мемлекеттің негізгі функцияларының бірі - бас бостандығынан айыруды және бірқатар басқа да қылмыстық жазаны өз деңгейінде орындайды. Сондықтан өзінің

алдында тұрған міндеттерін ескере отырып, ол өз қызметінде азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтас қарым қатынаста болуға міндетті. Егер керісінше болса қылмыспен күрестің міндеттерін өз деңгейінде шешу және қылмыстық жазаны орындау мүмкін емес, бұған қылмыстық атқару жүйесінің отандық тарихи тәжірибесі және шет елдік мемлекеттердің пенитенциарлық жүйесінің тәжірибесі куә. Азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуы барысында мемлекеттік органдар және оның институттарының өзара ынтымақтастық үрдісі объективті сөзсіз орындалатын сипатқа ие болады. Қазақстан Республикасының қылмыстық атқару заңнамасы қылмыстық жазасын өтеушілерге қоғамдық ықпалды сотталғандарды түзетудің негізгі құралдарының біріне жатқызады. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасы қоғамдық ықпалдың мәнін ашпайды. Сондай-ақ заңнамада қоғамдық ықпал субъектілерінің түрі ең төменгі мөлшерде шектелген және оның құқықтық қағидасы айқын белгіленбеген.

Қазақстан Республикасының түзету және тәрбиелеу колонияларында сотталғандардың айтарлықтай бөлігі 30 жасқа дейінгілер болып табылады. Сотталғандардың осы санаттағы өкілдері әртүрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеру, өмір деңгейін социумға баурау ұйғарылған социализацияның аяқталмаған үрдісінің тұлғалары. Колониядан босатылған әйелдер мен көмелетке толмағандар алдында постпенитенциарлық оңалту проблемасы ерекше орын алады.

Сотталғандарды оқшаулау тұлғаны социализациялау үрдісін тоқтатады, бұл әрине түзету мекемесінен босатылған соң оның қалыпты дамуын қиындатады. Сондықтан социализациялау үрдісін азаматтық қоғам институттарының мүмкіндіктерін пайдаланып, қоғамнан оқшаулауды жалғастыру қажет. Сонымен қатар Қазақстанда іс жүзінде (Оңтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарынан басқа) пенитенциарлық оңалту институты, яғни күнделікті өмірде адамдарға жеке және отбасылық күйзелісті шешу барысында көмек көрсетуге бағытталған ұйымдар мүлдем жоқ.

Тарихи-құқықтық аспектіде қоғамдық ықпал субъектілерінің қалыптасу үрдісін зерделеудің оның қалыптасу үрдісін баяндайтын, өткен тәжірибені шығармашылықпен қолдану және бұрын орын алған қателікке жол бермеуге мүмкіндік беретін және қылмыстық атқару заңнамасын жетілдіру бойынша нақты ұсынымдар әзірлейтін болғандықтан айтарлықтай тәжірибелік маңызы бар.

Мәселен, мемлекеттің қылмыстық атқару саясатын бұдан әрі ізгілендірудің қажеттілігі әр уақытта өзекті болды, Қазақстандағы сотталғандармен жұмыстың халықаралық стандарттарын және пенитенциарлық ұлттық заңнамаға енгізуге ұмтылуымен айқындалған.

Соның ішінде Қазақстан Республикасының 2002 жылғы құқықтық саясат тұжырымдамасында бұл туралы: «... қылмыстық атқару жүйесінің заңнамалық базасын адам құқығы туралы халықаралық негізгі қағидаларға және сотталғандармен жұмыс істеу тәртібі мен негізгі қағидаларын белгілейтін халықаралық келісімдерге сәйкестендіру мақсатында жетілдіруді жалғастыру, сонымен қатар бұдан әрі оның материалдық техникасын базасын жақсарту, қылмыстық атқару жүйесін ізгілендіру саясатын жалғастыру» деп атап көрсетілген» [3].

2010-2020 жылдарға арналған жаңа құқықтық саясат тұжырымдамасында: «...сотталғандарға жазаны дарашылдық қағидаты негізінде түзету тәрбие ықпалының мәні, нысаны мен әдістерін бұдан әрі дамыту қажет» деп көрсетілген [4].

Материалдар мен әдістер

Мақалада қоғамдық ықпалдың сотталғандарды түзейтін құралдың бірі ретінде рөлін ашатын, азаматтық қоғам субъектілерінің жалпы қылмыстық-түзету жүйесіне, бас бостандығынан айырумен байланысты емес түзету колониялары мен органдарына әсері кешенді зерттеледі. Зерттеудің әдістемелік негізін танымның жалпы әдістері: диалектикалық, тарихи, сонымен қатар зерттеудің жалпы ғылыми әдістері: формалды-қисынды және лингвистикалық; статистикалық талдау, салыстырмалы-құқықтық; сонымен қатар жалпы ғылыми әдістер болып құрайды (сауалнама, сұхбат алу, әңгімелесу, байқау, мониторинг, бағалау).

Нәтижелер мен талқылаулар

Сотталғандарды түзеуге қоғамдық ықпал ету саласында қалыптасқан қазіргі кездегі ахуал, сондай-ақ мемлекетте және оның институттарында, қоғамның өзінде болып жатқан өзгерістер қоғамдық ықпал ету институтын құқықтық реттеуде қолданыстағы тұжырымдамалық тәсілдерді өзгерту мен оның жаңаларын әзірлеудің қажеттігі мен дұрыстығын айқындап берді [5].

Қоғамдық ықпалдың ұйымдастыру негіздері мен құқықтық құрылымдардың теориясы мен тәжірибесі мәселелерін кешенді зерттеу, сондай-ақ, Павлодар облысы бойынша ҚАЖКБ АП-162/2 мекемелерінде өткізілген эксперименттің қорытындысын жинақтау және осы негізде бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеуші сотталғандарды қоғамдық ықпал субъектілерін түзету мекемелер жүйесі қызметінің тиімділігін арттыру бойынша теориялық және практикалық ұсынымдар әзірлеу үшін негіз болып табылады.

Қазақстандағы қоғамдық әрекет субъектілерінің қалыптасуы, дамуы және субъектілер қызметінің құқықтық негізін талдау жүзеге асырылды; тарихи – құқықтық көзқарастан тәрбие колониялары жанындағы

Қамқоршылық кеңес қызметінің құқықтық негіздері зерделенді; Павлодар облысы бойынша ҚАЖКБ АП-162/2 мекемесінде «Возвращение» Қамқоршылық кеңесінің қызметі жинақталды және осының негізінде аталған жұмыс тәжірибесін басқа түзету колонияларының режимінде қолдану мүмкіндігі анықталды; қылмыстық атқару заңнамасының нормаларын жетілдіру және қоғамдық әрекет субъектілері қызметінің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар тұжырымдалды.

Қоғамдық ықпалдың проблемасын зерттеу қажеттілігінің танымдық маңызы да бар. Сонымен қатар қоғамдық ықпалдың тарихи-құқықтық негізін және қоғамдық ықпал субъектілерінің ерекшеліктерін зерделеу белгілі деңгейде құқықтық және азаматтық қоғамның даму деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

Қарастырылып отырған тақырыпты зерттеу бойынша ғылыми қызығушы-лықты ХХ ғасырдың 20-50 жылдары И. Авербах, И. Апетер, Н. В. Крыленко, С. В. Познышев, П. П. Постышев, П. И. Стучка, Б. С. Утевский, А. С. Шляпочников, А. Я. Эстрин, В.Р. Якубсон сияқты ғалымдар және практиктер, басқа да құқық теоретиктері жазған жұмыстар туғызғанын көрсетеді.

Бірақ, көрсетілген авторлар жұмыстарының көпшілігі бас бостандығынан айыру орындарының қызметіне арналғаны атап өтіледі, зерттеу тақырыбы жанама түрде ғана қарастырылған. Автордың түсіндіруінше бұл көрсетілген мерзімде еңбекпен түзету мекемелері даму және тұрақтану сатысында болғанына байланысты.

Осы салада ХХ ғасырдың 60-90 жылдарында жарияланған З. А. Астемировтың, Л. В.Багрий-Шахматовтың, Н.А. Беляевтің, А. А. Головконың, М. Г. Детковтың, Л. А. Ефимованың, А. И. Зубковтың, В. Н. Калининнің, Ю. Касктың, М. И. Ковалевтің, С. И. Кузьминнің, В. Курицынның, М. П. Мельентьевтің, А. С. Михлиннің, В. И. Монаховтың, А. Е. Наташевтің, К. С. Раскиннің, А. Л. Ременсонның, Н. А. Стручковтың, А. С. Шляпочниковтың, И. В. Шмаровтың және басқалардың зерттеулері нәтижелі болды.

Дегенмен, аталған авторлардың жұмыстарында осы проблема ішінара қозғалды, сонымен қатар ол еңбектер түзету мекемелерінің жабық және құпия болуынан проблемаға жұртшылықты тартуға назар аударылмаған кеңестік тоталитарлық кезеңде жазылған болатын.

Осы тақырыпты зерттеу А. Я. Азаровтың, В. М. Алиевтің, Б. Н. Алмазовтың, Ю. А. Алферовтың, Г. П. Байдаковтың, Л. В. Высотинаның, Ю. В. Гербееттің, М. Н. Голодноктің, В. И. Горобцовтың, В.

А. Ласточкиннің, Л. В. Лысенконың, А. В. Пишелконың, М. П. Стуровтың және т.б. жұмыстарында ішінара көрініс алған.

Қылмыстық атқару жүйесіне қоғамдық ықпал проблемаларын зерделеу бойынша басқа да жекелеген жарияланымдар болды.

Қоғамдық ықпал проблемасын сотталушыларға түзету құралы ретінде әзірлеуге «кенестік жұртшылықтың сотталғандарды қайта тәрбиелеуге» қатысу проблемасын зерттеген В. А. Елеонский айтарлықтай үлес қосты. 1966 ж. В. А. Елеонский тұтқындарға қоғамдық ықпал субъектілерінде пайда болған жүйеге, бас бостандығынан айыру орындарында қолданылатын қоғамдық ықпал жүйесіне және нақты субъектілер арасында функцияларды бөлу және басқа да мәселелерге арналған «Бас бостандығынан айырылғандарды қайта тәрбиелеу құралдарына қоғамдық ықпал» тақырыбына кандидаттық диссертация қорғады.

В. А. Елеонскийдің жұмысы ғылымда маңызды орын алады, бірақ автордың пікірінше оның зерттеуіндегі бірқатар қағидалар уақыт өте келе өзінің теориялық және практикалық маңызын жоғалтты. Атап айтқанда қоғамдық ықпал субъектілері жүйесі оның пікірінше «Коммунистік партияның басшылығымен қойылды және жұмыс істейді және кеңестік түзету жүйесінің принциптік ерекшеліктерінің бірін айқындайтын жоғары жетістікті көрсетеді».

А. П. Закалюк өзінің «Қоғамдық ықпал және құқық бұзудың алдын алу» (Киев: «Наукова Думка» баспасы, 1975 ж.) атты жұмысында Украина ССР құқық бұзушылықтың алдын алу үшін қоғамдық ықпалды қолдану тәжірибесін жинақтайды. Монографияда «еңбек ұжымдарының, жолдастық соттардың, ерікті халық жасақтарының, профилактика кеңестерінің, басқа да қоғамдық құрылымдардың алдын алу қызметінің әртүрлі үлгілері және осы салада мемлекеттік құқық қорғау органдарымен өзара ынтымақтастығы» қаралады.

А. П. Закалюк тұжырымдаған қоғамдық ықпалды тәжірибелік қолданудың жалпы ұстанымы бағалы болып көрінеді, бірақ автор атап көрсеткен қоғамдық ықпалды субъектілері заманауи жағдайда өзінің маңыздылығын жоғалтты және бас бостандығынан айыруды қолдану барысында қоғамдық ықпалды қолдану мәселесін, түзету мекемелерінің қызметіне жұртшылықты тарту проблемасын көтермейді. Сонымен қатар А. П. Закалюктың ғылыми еңбегінің кейінгі ғылыми зерттеулер үшін, соның ішінде осы зерттеу үшін методологиялық және теориялық маңызы бар.

Қазақстандық зерттеуші М. Н. Барановтың «Қоғамдық ықпал сотталғандарға бас бостандығынан айырумен байланысты емес түзету жазасының негізгі құралдарының бірі» атты жұмысы назар аударуға тұрады.

Бірақ автор өз жұмысында ұсынылған зерттеудің тақырыбын қозғамайды, қоғамдық ықпалдың жазаға тартылғандарға қатысты бөлігіне ізденіс тексеру жүргізеді.

Қорытынды

Қорытындылай келе айтарымыз, түрме субмәдениеті қоғам мәдениетінің жалғасы ретінде ешқандай да өмір сүруге құқығы жоқ, өйткені социумның мәдени ұстанымдарының тікелей қарама-қайшылығы болып табылады. Біздің ойымызша, «жоғарыда көрсетілген себептер мен жағымсыз құбылыстарға байланысты түзеу мекемелеріндегі криминалды субмәдениетті сәтті нейтрализациялау [6, 70 б.] оған қоғамдық ықпал ету субъектілерін тартпайынша мүмкін емес, оларға қарсы тұру Қазақстан Республикасының түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталғандарды өнегелік тұрғыдан түзеуге қол жеткізуге және оны дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді».

Қоғамдық ықпалға мына шет елдік және отандық авторлар: Т. К. Әкімжановтің, М. А. Аюбаевтың, Ф. А. Асылбектің, А. Ш. Аққулевтің, В. Г. Афанасьевтің, С.К. Бастемиевтің, К. А. Бегалиевтің, М. С. Башимовтың, М. Н. Барановтың, М. Гетаның, Р. Е. Жансараеваның, В. А. Елеонскийдің, О. И. Жумабековтың, Е. И.Қаиржановтың, С.С.Молдабаевтың, А. Х.Миндагуловтың, С. А.Назарбаеваның, А. Е. Паридинованың, И. И. Роговтың, Б. Г. Рахымбековтің, А. Б. Сқақовтың, Л. Ч. Сыдықованың, Р. Т. Түсіпбековтің, Д.С. Чукмаитовтың және басқалардың қызық та мазмұнды ғылыми еңбектері арналған. Бірақ олар барлық проблемаларды толыққанды ашпайды. Олардың негізгі белгілеуі әдістемелік мәселелерді шешу немесе жалпы сипатта болады.

Басқа зерттеулерде басылымның ескілігіне байланысты келтірілген мәліметтер ескірген, қаралған саладағы сотталғандарға қоғамдық ықпалдың түрлері мен әдістері айтарлықтай ескірді, елдің қоғамдық-саяси құрылымдарындағы өзгерістерге сәйкес оның мазмұны мен бағыты кеңейді – Қазақстан егеменді мемлекет болды, бірқатар заңнамалар мен нормативті актілер шығарылды. Іс жүзіндегі қызметкерлер мен ғалым заңгерлер сотталғандарды түзету ісінде қоғамдық ықпал субъектілері қызметінің үлгілерін мен әдістерін жетілдіру бойынша мұқият зерделеуді және жинақтауды қажет ететін үлкен тәжірибе жинады. Зерттеудің эмпирикалық базасын Ресей империясы кезеңіндегі түрмелер туралы қамқоршылық қоғамымен байланысты мұрағат құжаттары мен материалдар, Қазақстанның түзету мекемелерінің қызметтері туралы статистикалық мәліметтер, сонымен қатар Павлодар облысы бойынша ҚАЖКБ АП-162/2 мекемелерінде өткізілген эксперименттің материалдары құрады.

Атап айтқанда, авторлар тұңғыш рет түзету құралының құқықтық мәнін, қоғамдық ықпалды тұжырымдады, сонымен қатар оның құқықтық мәні мен

мазмұны ашылды. Сонымен қатар зерттеу криминология, сондай-ақ қылмыстық құқық, қылмыстық атқарушы құқық, психология, пенитенциарлық педагогика аспектісінде жүзеге асырылады, бұл елде қылмыстың алдын алу жүйесінде және сонымен бірге азаматтық қоғам институттарында қоғамдық ықпал субъектілерінің функциялары мен орындарына жүйелі сипаттама беруге мүмкіндік береді.

Жұмыста ғылыми және арнаулы әдебиеттерді, мұрағаттық және басқа да материалдарды зерделеу негізінде сотталғандарға қоғамдық ықпалдың тарихи - құқықтық негіздері, сонымен қатар қоғамдық ықпалға өз әсерін тигізетін өзекті мәселелерді алдағы уақытта зерделеу қажет. Зерделеуді қажет ететін өзекті мәселелерге өткізілген зерттеудің қорытындысы бойынша авторлар қылмыстық атқару заңнамасы [7]. Қазақстан Республикасының түзету мекемелерінде қоғамдық ықпал субъектілерінің қызметін жетілдіруге бағытталған ғылыми қорытынды мен ұсынымдар тұжырымдады [8].

Жоғарыда аталғанның барлығы өзекті мәселелер мен оның негізгі бағыт-бағдарын зерттеуді [9], қолдануды, таңдауды одан әрі жалғастыру қажет екенін көрсетеді. Бұл Концепция алдағы уақыттағы түзеу мекемесіндегі тәрбиелік құрылымның әдіс-тәсілдерін [10] алдағы уақытта одан әрі жетілдіру керек екенін көрсетіп отыр.

Жалпы құқықтық, заңдық тұрғыдан саналы қоғам қалыптастыру үшін, сол қоғамның әр мүшесі заңның қабылдануына өзінің қатысы барын сезінуі және сол заңның мүлтіксіз, барлық азаматтарға бірдей қолданылуына мүдделі болуы қажет [11, 25 б.]. Сол себепті, Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару саясатын айқындайтын фактор болып сотталғандарды түзеу мәселелеріне жұртшылықтың қатысуы елімізде заңдылықты айқындайтын бірден-бір фактор болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы.

2 **Бредихина, Т.** Огонь на поражение // Казахстанская правда. – 2010, июнь-29. – № 163-165.

3 Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйегіндегі № 949 Жарлығымен мақұлданған. – Алматы : Жеті Жарғы, 2002. – 56 б.

4 Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен мақұлданған Қазақстан Республикасының 2010–2020

жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы. Казахстанская правда. – 2010, август-27. – № 205.

5 **Паридинова, А. Е.** Сотталғандарды түзеуде қоғамдық ықпал ету субъектілерінің қызметін құқықтық реттеудің кейбір мәселелері: Қазақстанның ғылымы мен өмірі – Наука и жизнь Казахстана Science and life of Kazakhstan. №3 (38). 2016.

6 **Анисимков, В. Н.** Криминальная субкультура и ее нейтрализация в исправительных учреждениях России. – Дисс. докт. юрид. н. Саратов. – 1998. – с.70

7 Сформирован Общественный совет МВД РК [Электрондық ресурс]. – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38851199#pos=4:-255

8 **Жамулдинов, В.** Қылмыстық атқару жүйесіндегі қоғамдық ықпал: теория және тәжірибе мәселелері. – Павлодар, 2019. – 168 б.

9 Общественный совет – во благо общества [Электрондық ресурс]. – <http://mediaovd.kz/ru/?p=14648>

10 **Жамулдинов, В.** Из истории исправительных учреждений Казахстана: павлодарский эксперимент // Ғылым-наука. – 2017. – N1 (52). – С. 53.

11 **Айткенов, А. К.** Жаңа Қазақстан жаңа санадан басталады. Торайғыров университетінің хабаршысы. // Заң сериясы. №2 (2022) – 160 б.

REFERENCES

1 Qazaqstan Respublikasynyń quqyqtyq saiasatynyń 2030 jylǵa deingi tujyrymdamasyn bekitý týraly Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniń 2021 jylǵy 15 qazandaǵy № 674 Jarlyǵy [On the approval of the Concept of the Legal Policy of the Republic of Kazakhstan until 2030 Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated October 15, 2021 №674].

2 **Bredihina, T.** Ogon' na porazhenie [Fire to kill] // Kazakhstanskaya pravda. – 2010. June-29. – №163–165.

3 Qazaqstan Respublikasynyń quqyqtyq saiasat tujyrymdamasy. Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniń 2002 jylǵy 20 qyrkúegindegi № 949 Jarlyǵymen maquldangan [The concept of legal policy of the Republic of Kazakhstan. Approved by the decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated September 20, 2002 №. 949]. – Almaty : Seven Charters, 2002. – 56 p.

4 Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniń 2009 jylǵy 24 tamyzdaǵy № 858 Jarlyǵymen maquldangan Qazaqstan Respublikasynyń 2010-2020 jyldarǵa arnalǵan quqyqtyq saiasat tujyrymdamasy [Concept of the legal policy of the Republic of Kazakhstan for 2010-2020, approved by Decree No. 858 of the President of the Republic of Kazakhstan dated August 24, 2009] Kazakhstanskaya Pravda. – 2010, August-27. – No. 205.

5 **Paridinova, A. E.** Sottalǵandardy túzeýde qoǵamdyq yqpal etý sýbektileriniń qyzmetin quqyqtyq retteýdiń kebir máseleleri : Qazaqstannyń ǵylymy men ómiri [some issues of legal regulation of the activities of subjects of public influence in the correction of convicts: science and life of Kazakhstan] Science and life of Kazakhstan. – №3 (38). – 2016.

6 **Anisimkov, V. N.** Kriminal'naya subkul'tura i ee nejtralizaciya v ispravitel'nyh uchrezhdeniyah Rossii [Criminal subculture and its neutralization in correctional institutions of Russia]. – Dissertation of the Doctor of Law. N. Saratov. 1998. – P. 70.

7 Sformirovan Obshchestvennyj sovet MVD RK [The Public Council of the Ministry of Internal Affairs of Kazakhstan has been formed] [Electronic resource]. – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38851199#pos=4;-255

8 **Zhamuldinov, V.** Qylmystyq atqarý júesindegi qoǵamdyq yqpal: teoria jáne tájiribe máseleleri [V. Zhamuldinov. Public influence in the penitentiary system: problems of theory and practice].- Pavlodar, 2019. P. 168.

9 Obshchestvennyj sovet – vo blago obshchestva [Public Council – for the benefit of society] [Electronic resource]. – <http://mediaovd.kz/ru/? P=14648>.

10 **Zhamuldinov, V.** Iz istorii ispravitel'nyh uchrezhdenij Kazahstana: pavlodarskij eksperiment [From the history of correctional institutions in Kazakhstan: Pavlodar experiment] // Gylym-nauka. – 2017. – №1 (52). – P. 53.

11 **Ajtkenov, A. K.** Jańa Qazaqstan jańa sanadan bastalady [The New Kazakhstan begins with a new consciousness]. // Bulletin of toraigyrov University. Law Series № 2 2022 – 160 p.

02.02.24 ж. баспаға түсті.

05.02.24 ж. түзетулерімен түсті.

07.05.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

**А. К. Татенова*

Заместитель дежурного помощника начальника учреждения
РГУ «Учреждение № 45» Комитета уголовно-исполнительной системы
МВД Республики Казахстан

Республика Казахстан, г. Павлодар

Поступило в редакцию 02.02.24

Поступило с исправлениями 05.02.24

Принято в печать 07.05.24

ОБЩЕСТВЕННОЕ ВОЗДЕЙСТВИЕ В УГОЛОВНО-ИСПОЛНИТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЕ: АКТУАЛЬНОСТЬ ДАЛЬНЕЙШЕГО ИССЛЕДОВАНИЯ

Республика Казахстан является одной из немногих стран, накопивших значительный опыт в области реформирования государственного управления уголовно-исполнительной системой на основе расширения полномочий и ответственности органов исполнительной власти.

Происходящие изменения в уголовном, уголовно-исполнительном и уголовно-процессуальном законодательстве отражают актуальность проблемы определения правовых форм института общественного влияния в условиях создания современного правового государства. В этой связи особенно актуальными являются вопросы, связанные с принятием эффективных мер, обеспечивающих реализацию данного института.

В числе основных средств коррекции и реабилитации осужденных особую роль играет общественное влияние уголовно-исполнительного законодательства Казахстана. Однако в стране законодатель не дает четкого объяснения этому институту. В широком смысле под общественным влиянием можно понимать влияние, контроль уголовно-исполнительной системы, мест наказания в определенной форме. Например, новый субъект гражданского общества, такой как попечительские советы, Национальный превентивный механизм предупреждения пыток, а также Общественный совет, созданный во всех правоохранительных органах. Предполагается, что в связи с дальнейшим развитием казахстанского гражданского общества появятся и другие субъекты общественного влияния.

Несмотря на многочисленные реформы, в сфере государственного управления тюремной системой существует множество проблем.

Они связаны, в частности, с дисбалансом ответственности и ресурсных возможностей территориальных единиц (учреждения), их недостаточно четким распределением.

Ключевые слова: уголовно-исполнительная система, субъекты общественного воздействия, осужденные.

**A. K. Tatenova*

Deputy Assistant on duty to the head of the institution of the State Institution «Institution №45» of the Committee of the Penal Enforcement System of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 02.02.24.

Received in revised form 05.02.24.

Accepted for publication 07.05.24.

SOCIAL IMPACT IN THE PENAL SYSTEM: RELEVANCE OF FURTHER RESEARCH

The Republic of Kazakhstan is one of the few countries that have accumulated significant experience in the field of reforming the public administration of the penal enforcement system on the basis of expanding the powers and responsibilities of executive authorities.

The ongoing changes in criminal, penal enforcement and criminal procedure legislation reflect the urgency of the problem of determining the legal forms of the institution of public influence in the context of the creation of a modern rule of law state. In this regard, issues related to the adoption of effective measures to ensure the implementation of this institution are particularly relevant.

Among the main means of correction and rehabilitation of convicts, the social influence of the penal enforcement legislation of Kazakhstan plays a special role. However, in the country, the legislator does not give a clear explanation to this institution. In a broad sense, public influence can be understood as the influence, control of the penal enforcement system, places of punishment in a certain form. For example, a new civil society entity, such as boards of trustees, the National Preventive Mechanism for the Prevention of Torture, as well as a Public Council established in all law enforcement agencies. It is assumed that in connection with the

further development of Kazakhstan's civil society, other subjects of public influence will appear.

Despite numerous reforms, there are many problems in the public administration of the prison system. They are associated, in particular, with an imbalance of responsibility and resource capabilities of territorial units (institutions), their insufficiently clear distribution

Keywords: penal enforcement system, subjects of public influence, convicts.

FTAMP 10.63.27

<https://doi.org/10.48081/ITQS4345>***Қ. Тұрлыханқызы¹, А. М. Вартамян²**

¹Инновациялық Еуразия университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

²Янки Купала атындағы Гродно мемлекеттік университеті,
Беларусь Республикасы, Гродно қ.

*e-mail: kuralay_turlykhan@mail.ru

**ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША
ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ КІНӘЛІ ӘРЕКЕТТЕРІНЕ
БАЙЛАНЫСТЫ ЕҢБЕК ШАРТЫН БҰЗУ НЕГІЗДЕРІ**

Қазіргі экономикалық жағдайда еңбек қатынастарын тоқтату туралы мәселелер ерекше өзекті болып табылады. Еңбек қатынастарын реттейтін ережелер арасында еңбек шарты институты ерекше орын алады. Бұл институт құрамында – еңбек шартын тоқтату және бұзу ережелері маңызды ролді иемденеді. Осы аталған норма арқылы жұмыс беруші мен жұмыскердің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қалыптастырады. Нақты тоқталсақ, еңбек шарты бұзылған кезде жұмыскердің құқықтары мен мүдделерін қорғайтын белгілі бір кепілдемелерге сәйкес келеді. Демек, еңбек шартын бұзу еңбек құқығы институтының маңызды мәселелерінің бірі болып табылады және әрқашан ғалымдар мен заң шығарушылар назарында болатын құбылыс.

Бұл мақалада еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыскерлердің кінәлі әрекеттеріне байланысты бұзу негіздерінің жалпы сипаттамасы және олардың жіктелуіндегі ерекшеліктерін заңнамада шешу, реттеу қарастырылады. Зерттеу барысында еңбек шартын бұзу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері, еңбек қатынастарын тоқтатуға негіздердің болуы оны әрдайым тоқтата бермейді. Кейбір жағдайларда, еңбек кодексінде көрсетілген негіздемемен қатар, тиісті тұлғаның әрекеті ретінде белгілі бір заңды акт қажет, ол жұмыс берушінің бұйрығы немесе жұмыскердің өтініші, белгіленген заңды тәртіппен ресімделген және оны бұзу туралы шарт тарапының еркін көрсететіндігі пікірталас ретінде көтеріледі. Зерттеу нәтижесінде авторлар

жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу тәртібін сипаттайтын еңбек заңнамасын жетілдіру қажет деген ұсынымдар ұсынылды.

Кілтті сөздер: жұмыскер, жұмыс беруші, еңбек, еңбек құқығы, еңбек шарты, еңбек шартын бұзу, еңбек қатынастары, еңбек даулары.

Кіріспе

Қазіргі таңда, еңбек шартын жасасу және еңбек қатынастарына түсу кезінде оның тараптары – жұмыс беруші мен жұмыскер – көбінесе ұзақ мерзімге немесе белгісіз мерзімге еңбек шартын жасасады. Алайда, субъективті және объективті себептерге байланысты кез-келген еңбек шарты белгілі бір уақытта өмір сүруін тоқтатады. Бұл оның тараптары арасындағы еңбек қатынастарының тоқтатылуына әкеледі. Еңбек қатынастары адам өміріндегі маңызды элементтердің бірі болып есептеледі. Шиеленісіп тұрған ел экономикасына және экономикалық қатынастар жүйесінде ерекше орынды иемденеді. Сол себепті де, еңбек қатынастары жұмыс беруші мен жұмыскердің мүдделерін қорғауды жүзеге асырады. Еңбек қатынастарының мақсаты – ұзақ мерзімдегі құқықтық қатынасты қамтамасыз ету болып табылады.

Еңбек шарты – жұмыс беруші мен жұмыскердің арасында пайда болатын келісімнің бір түрі. Бұл келісім Отандық заңнамада көрсетілгендей 9 негіз бойынша бұзылады. Олардың бірі – жұмыс берушінің бастамасы бойынша, яғни қазіргі уақыттағы өзекті мәселе. Айтылған негіз бойынша, тек теориялық тұрғыда ғана емес, сондай-ақ практикалық тұрғыда да өзекті мәселе болып есептеледі. Еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу тек заңнамада көрсетілген толық тізімнің негізінде ғана мүмкін болады, яғни заңмен белгіленген жұмыстан босатудың белгіленген тәртібі болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу үшін негіздемемен ҚР Еңбек кодексінің 52-бабында көрсетілген.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің әдіснамалық негізі еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу негіздерінің сипаттамасы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері, оларды шешудің кемшіліктері мен пікірталас мәселелері көтеріледі.

Нәтижелер мен талқылау

Еңбек шартын бұзу негіздеріне байланысты еңбек құқығы шетелдік және отандық ғалымдар мен заңгерлердің ғылыми зерттеулерін, атап айтқанда,

еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзуға арналған талдау жасалынып, осы уақытқа дейін осы тақырыптағы ізденістердің аздығын, арнайы кешенді зерттеулермен түсіндіріледі.

Қолданыстағы еңбек және азаматтық-процестік заңнамаларға сәйкес еңбек шартын бұзу ерекшеліктері еңбек құқығы ғылымының да, азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымының да арнайы зерттеу объектісі болған емес. Еңбек шартын бұзу, еңбек құқығы ғылымы тұрғысынан қаралып, ізденістер көбінесе еңбек дауының ұғымын анықтауға, жұмыс беруші мен жұмыскердің қарым қатынасын реттеудің жалпы мәселелеріне, еңбек-құқықтық жалпы сипаттамаларын жетілдіру т.б. мәселелерге арналған. Еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзғаннан кейін, жұмысқа қайта алуға, жұмыскердің еңбекақысын төлеуге, материалдық жауапкершілікке, еңбек тәртібіне байланысты туындайтын зерттеу, оның шетелдік тәжірибесіне үніле отырып ғылыми негізделген және пайымдауға лайықты қорытындылар мен тұжырымдарды әзірлеуге мүмкіндік береді. Біздің ойымызша Қазақстан Республикасының еңбек құқығында қаралған құқықтар мен бостандықтарды азаматтық процесте қорғауға деген тетіктерді жаңартып, заңнамалық олқылықтарды жоюға көмектеседі.

ҚР Еңбек кодексінің 49-бабында барлық жұмыскерлерге қолданылатын еңбек шартын тоқтату негіздері деп келтірілген. Еңбек шарты ҚР Еңбек кодексінде және басқа заңнамаларда көзделген негіздер бойынша да тоқтатылуы мүмкін. Еңбек шартының тоқтатылуы оның қолданылуын тоқтатады және шарт негізінде ерте туындаған еңбек құқықтық қатынастарын тоқтатады [1].

Жұмыс беруші мен еңбек қатынастарында тұрған жұмыскер, ерте ме, кеш пе ұйыммен бұл қатынастарды өз бетінше немесе жұмыс берушінің бастамасы бойынша, сондай-ақ тараптардың бақылауынан тыс жағдайларға байланысты объективті және субъективті факторлардың әсерінен тоқтатылады. Қазіргі уақытта жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек қатынастарын тоқтату еліміздің өзекті мәселелерінің бірі болып есептеледі [2].

Себебі, Қазақстан Республикасының көптеген азаматтары үшін еңбек қатынастарын жүзеге асырудың негізгі нысаны – еңбек шартын жасау және сол еңбек шарты арқылы тәжірибесін айтуға болады. Осылайша, жұмыскердің немесе жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу не тоқтату өмірлік мүдделеріне әсер ететін құбылыс. Еңбек кодексінде көрсетілген негіздер орын алған жағдайда, тиісті тәртіппен жұмыс берушінің не жұмыскердің бастамасы бойынша еңбек шарты бұзылады. Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасы азаматтардың таңдаған ұйымда жұмыс жасау құқығын қорғау мақсатында жұмыс берушілерге

өз бастамасы бойынша қызметкерді жұмыстан босатуға құқық беретін негіздердің белгілі бір тізбесін белгілейді. Еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзуға әкеп соқтыратын заңды фактілерді көрсету үшін «негіздер», «себептер», «жағдайлар» сияқты терминдерді қолдануға болатындығын атап өткен жөн. Осы терминдердің әрқайсысы жұмыскердің қалауы немесе ортақ келісімінің болмауы салдарынан жұмыстан шығаруға мүмкіндік беретін оқиғаны білдіреді [3].

Көптеген зерттеуші-ғалымдар, оның ішінде В. И. Егоров және Ю. В. Харитоновна еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзудың негіздерін үш топқа бөліп қарастырған. Олар: жұмыс берушінің, өндірістің, ұйымның меншік иесінің мүдделерін қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу. Бұл топта, ҚР Еңбек кодексінің 52-бабының 1-тармағының 1-4) тармақшаларын қарастырамыз. Осы топ бойынша екі негізді байқауға болады. Біріншісі, объективті сипатта болатын және қызметкердің кінәлі немесе заңсыз мінез-құлқынан туындайтын жағдайлармен байланысты. Екінші критерий бойынша, өндірістік қажеттілікке байланысты жұмыстан босатылған жағдайда орын алады. Яғни, оның кәсіпкерлік немесе басқа да өндірістік қызметіне ықпал ететін жағдайлар туындаған немесе анықталған жағдайда жұмыс берушінің мүдделерін қамтамасыз ету қажеттілігін көрсетеді [4].

Гашева И. А. жоғарыда көрсетілген негіздерді ұстанады. Ал, Цыпкина И. С. және Цындяйкин Е. П. жұмыс берушінің бастамасы негізінде еңбек шартын бұзуды екі негіз бойынша қарастырған. Олар: жұмыс берушінің бастамасы бойынша барлық санаттағы жұмыскерлерге қолданылатын еңбек шартын бұзудың жалпы негіздері; Жұмыскерлердің белгілі бір санатына қатысты еңбек шартын бұзудың арнайы негіздері.

Сонымен қатар, Цыпкина И. С. және Цындяйкин Е. П. секілді жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзудың екі негізге бөліп қарастырған келесі зерттеуші-ғалымдар Сучилкина Е. В және Сучилкина А. В.. Бұл зерттеушілер де еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзудың жалпы және арнайы негіздерге бөліп қарастырған [5].

